

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
АКАДЕМИК Е.А.БӨКЕТОВ АТЫНДАҒЫ ҚАРАҒАНДЫ УНИВЕРСИТЕТІ

«КЕЛІСЕМІН»

«НЗМ» ДБҰ директоры




Жуупов Р.М

«28» 04 2023 ж.

«КЕЛІСЕМІН»


«Ақпараттық технологиялар» ММЛИ директоры

 Манапова А.А.

«26» 04 2023 г.

«КЕЛІСЕМІН»

«№27» ЖББМ директоры

 Касымжанова С.Е.

«26» 04 2023 г.

«КЕЛІСЕМІН»

Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды
университетінің Ректор-
Төрағасы



Дулатбеков Н.О.

«26» 04 2023 ж.

«6В01507-Химия» бойынша

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

Деңгейі: Бакалавриат

Қарағанды – 2023

«БВ01507-Химия» бойынша білім беру бағдарламасы келесі нормативті құжаттар негізінде құрастырылған:

- «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Заңы
 - «Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 11 шілдедегі № 151-I Заңы.
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы «Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты»
 - Әлеуметтік әріптестік және әлеуметтік және еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі Республикалық үшжақты комиссияның 2016 жылғы 16 наурыздағы Ұлттық біліктілік шеңбері
 - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Кредиттік технология бойынша оқу үдерісін ұйымдастыру Ережесін бекіту туралы» 2018 жылғы 2 қазандағы № 152 бұйрығы
 - Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының жіктеушісі туралы 2018 жылғы 13 қазандағы №569 бұйрығы.
 - Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 қаулысымен бекітілген. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 15 тамыздағы № 484 қаулысы.
- «Педагогтың» кәсіби стандарты 2017 жылғы 8 маусымдағы № 133 бұйрығына қосымша(для педагогических специальностей)
 - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 «Білім беру ұйымдары үшін жалпы пәндер, элективті курстар және элективті пәндер бойынша типтік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 10 мамырдағы № 199 бұйрығы.
 - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Қазақстан Республикасының бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің типтік оқу жоспарын бекіту туралы» 2018 жылғы 4 қыркүйектегі № 441 бұйрығы.

Мазмұны

| № | Білім беру бағдарламасының төлқұжаты | Беттер |
|----|----------------------------------------------------------------------|--------|
| 1 | Білім беру бағдарламасының коды және атауы | 4 |
| 2 | Білім беру саласының коды және жіктелуі | 4 |
| 3 | Білім беру бағдарламаларының тобы | 4 |
| 4 | Кредиттер көлемі | 4 |
| 5 | Оқутүрі | 4 |
| 6 | Оқу тілі | 4 |
| 7 | Берілетінакадемиялықдәреже | 4 |
| 8 | Білім беру бағдарламасының түрі | 4 |
| 9 | БЖХС бойынша деңгей | 4 |
| 10 | ҰБШ бойынша деңгей | 4 |
| 11 | СБШ бойынша деңгей | 4 |
| 12 | Білім беру бағдарламасының ерекшелігі | 4 |
| | ЖОО партнер (серіктес) | 4 |
| | ЖОО партнер (серіктес) | 4 |
| 13 | Кадрларды даярлау бағытына арналған лицензияға қосымшаның нөмірі | 4 |
| 14 | Аккредиттеу органының атауы және аккредиттеудің қолданылу мерзімі | 4 |
| 15 | Білім беру бағдарламасының мақсаты | 4 |
| 16 | Білім беру бағдарламасы бойынша бакалаврдың біліктілік сипаттамасы | 4 |
| а) | Біліктілік пен лауазымдар тізбесі | 4 |
| б) | Кәсібиқызыметсаласы мен объектілері | 4 |
| в) | Кәсіби қызмет түрлері | 4 |
| г) | Кәсіби қызметінің функциялары | 4 |
| 17 | Құзыреттіліктер негізінде оқыту нәтижелерін тұжырымдау | 6 |
| 18 | Оқыту нәтижелеріне сәйкес пәндер модульдерін анықтау | 8 |
| 19 | Оқу нәтижелеріне қол жеткізу матрицасы | 10 |
| 20 | Сертификаттау бағдарламасы (минор) | 26 |
| 21 | Оқыту және бағалау әдістерімен жоспарланған оқыту нәтижелерін келісу | 26 |
| 22 | Оқу нәтижелерінің қол жетімділігін бағалау критерийлері | 29 |
| 23 | Түлек моделі | 30 |

| | |
|----|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 1 | Білім беру бағдарламасының коды және атауы: «6B01507 Химия». |
| 2 | Білім беру саласының коды және жіктелуі: «6B01 Педагогикалық ғылымдар». |
| 3 | Білім беру бағдарламаларының тобы: «B012 Химия мұғалімдерін даярлау». |
| 4 | Кредиттер көлемі: 240 |
| 5 | Оқу түрі: күндізгі |
| 6 | Оқу тілі: Қазақ ,орыс,ағылшын |
| 7 | Берілетін академиялық дәреже: «6B01507-Химия» білім беру бағдарламасы бойынша білім бакалавры |
| 8 | Білім беру бағдарламасының түрі: қолданыстағы БББ |
| 9 | БХСЖ бойынша деңгейі: 6 |
| 10 | ҰБШ бойынша деңгейі: 6 |
| 11 | СБШ бойынша деңгейі: 6 |
| 12 | Білім беру бағдарламасының ерекшелігі ЖОО партнер (серіктес): ЖОО партнер (серіктес): жоқ Үш тілді БББ- жоқ |
| 13 | Кадрларды даярлау бағытына арналған лицензияға қосымшаның нөмірі: KZ83LAA00018495№ 016 28.07.2020 ж. |
| 14 | <i>Аккредиттеу органының атауы және аккредиттеудің қолданылу мерзімі: БСҚТА, жарамдылық Білім сапасын қамтамасыздандырубойынша тәуелсіз агенттігі 28.05.2022-28.05.2027 жылдар.</i> |
| 15 | Білім беру бағдарламасының мақсаты: Ғылыми-педагогикалық және кәсіби қызметті жүзеге асыру үшін іргелі және қолданбалы білімге, ғылыми-зерттеу дағдыларына ие ағылшын тілін меңгерген білікті химия мұғалімін дайындау. |
| 16 | Білім беру бағдарламасы бойынша бакалаврдың біліктілік сипаттамасы |
| а) | Біліктілік пен лауазымдар тізбесі: Осы білім беру бағдарламасының түлегіне «6B01507-Химия» білім беру бағдарламасында «білім бакалавры» академиялық дәрежесі беріледі. «6B01507-Химия» білім беру бағдарламасының түлегі «Педагог. Орта мектеп мұғалімі» және «Педагог. Колледж оқытушысы» мамандығын алады. |
| б) | Кәсіби қызмет саласы мен объектілері: «6B01507-Химия» білім беру бағдарламасының бакалаврының кәсіптік қызмет саласы білім беру ұйымдары болып табылады. «6B01507-Химия» білім беру бағдарламасында бакалаврының кәсіби қызметінің объектілері: меншік және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан жалпы білім беретін мектептер, гимназиялар, лицейлер, колледждер. |
| в) | Кәсіби қызмет түрлері: - білім беру (педагогикалық, тәрбиелік); - ғылыми-зерттеу (мектепте білім беруді модельдеу, жобалау, білім беру мәселелерін шешудегі шығармашылық ізденіс, педагогикалық тәжірибені зерттеу, рефлексия); - ұйымдастырушылық және басқарушылық («субъект-субъект» өзара әрекеттесу, білім берудегі басқару). |
| г) | Кәсіби қызметінің функциялары: - оқыту - білім беру апаратын беріп, білімдерді өз бетінше меңгеруді үйренеді, студенттердің лингвистикалық қажеттіліктері мен өтініштерін ескере отырып, жаңа білім беру технологияларын, соның ішінде АКТ-ді және т.б. қолданады; - тәрбиелеу - студенттерді әлеуметтік құндылықтар жүйесіне таныстырады, педагогикалық әдепті сақтайды, педагогикалық әдеп ережелерін сақтайды, студенттердің қарым-қатынасында демократиялық стильді ұстанады, студенттердің жеке басын құрметтейді, Қазақстанның ұлттық басымдықтарын ескере |

| |
|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <p>отырып, білім беру үдерісін қалыптастырады, мәдени-ағартушылықты, тіл біліктілігін және т.б. дамытады;</p> <ul style="list-style-type: none">- әдістемелік - оқу үрдісін әдістемелік қамтамасыз ету, біліктілігін арттыру жоспарлары, әдістер мен әдістерді айқындайды, студенттердің жалпы білім беру дағдыларын қалыптастырады; сабақтардың мақсаттарына сәйкес оқыту материалдарын әзірлейді және т.б.;- зерттеу - студенттердің білім мазмұнын меңгеру деңгейін зерттейді, білім беру ортасын зерттейді, студенттердің жеке ерекшеліктерін диагностикалау нәтижелерін пайдаланады; оқыту қажеттіліктері мен қиындықтарын айқындайды;- әлеуметтік-коммуникативті - кәсіби қауымдастықпен және білім берудің барлық мүдделі тараптарымен өзара іс-қимыл жасайды, білім беру ұйымдары саясатының шеңберінде бірлескен жұмыс және кәсіби ынтымақтастық әдістерін қолданады, білім беру саласындағы мүдделі тараптарды біріктіретін инновациялық идеяларды қолдайды |
|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|

17. Құзыреттіліктер негізінде оқыту нәтижелерін тұжырымдау

| Құзыреттілік түрлері | Оқу нәтижесінің коды | Оқу нәтижесі (Блум таксономиясы бойынша) |
|---------------------------------------------------------|----------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Мінез-құлық дағдылары және жеке қасиеттер: (Softskills) | ОН1 | Қоғамдық сананы жаңғыртудың негізгі бағыттарын жүзеге асыруға ықпал ететін Қазақстанның тарихын, философиясын, қолданбалы экономикалық, құқықтық, жаратылыстану пәндерін бағалайды. |
| | ОН2 | Қазіргі қоғамдағы рухани процестердің рөлі, жеке және заңды тұлғалардың құқықтарын қорғау саласындағы тараптардың заңды мүдделері, кәсіпкерлік қызметтің экономикалық және әлеуметтік жағдайлары, адамға және қоршаған ортаға зиянды және қауіпті факторлардың әсері туралы білімін қолдана алады. |
| | ОН3 | Бәсекеге қабілеттіліктің, прагматизмнің, өзара түсіністіктің, толеранттылықтың және заманауи қоғамның демократиялық құндылықтарының басымдықтары туралы өзінің кәсіби қызметінде өзінің азаматтық ұстанымы болады. |
| Кәсіби құзыреттер: (Hardskills) | ОН4 | Оқу үрдісін еліміздің интеллектуалды, физикалық және рухани жағынан дамыған азаматын қалыптастыру мен дамытуға, үш тілде еркін сөйлеуге, әлеуметтік-экономикалық жағдайдың өзгеруіне, проблемаларды шешуге және қолданыстағы шындыққа әсер етуге қабілетті, оны өзгертуге қабілетті, қалыптасып, дамытып, жүзеге асырады. |
| | ОН5 | Арнайы білім беру қажеттіліктері бар студенттерді оқыту мен тәрбиелеуде инклюзивтік тәсілдерді түсіну және тиімді пайдалану: ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, әр оқушының жеке қабілеттерін ескере отырып, дамудың жеке траекториясы; оқушылардың дағдылары мен қабілеттерін дамытуға, оқу үдерісінің сапасын арттыруға ынталандырады; басқарудың функцияларын иелену негізіндегі мектептің тұтас педагогикалық үдерісін басқаруға қабілетті: жоспарлау, ұйымдастыру, ынталандыру, мониторинг және диагностика жасай біледі. |
| | ОН6 | Химия пәнінен құбылыстарды, негізгі түсініктерді, негізгі заңдарды және олардың тәжірибелік және теориялық негіздерін біледі және түсінеді; негізгі заңдарды біледі және оларды химияның арнайы бағыттарында қалай қолдану керектігін біледі. |
| | ОН7 | Зерттеу және кәсіби қызметтегі химиялық процестерді модельдеу және талдау үшін қолданылатын негізгі математикалық әдістерді қалай қолдану керектігін біледі. |
| | ОН8 | Қазіргі химияның жетістіктері мен проблемаларын жақсы түсіну; химиялық процестердің ғылыми бақылауларын жүргізе алу, эксперименттік деректерді жинауға арналған аппаратты пайдалану және физикалық және химиялық жабдықтарды пайдалану арқылы жұмыс істей алу. |
| | ОН9 | Тәжірибелердің нәтижелерін және олардың теорияларын сипаттауға қабілетті, практикалық мәселелерді шешу үшін тиісті физикалық әдістерді таңдап, қолдана алады. |
| | ОН10 | Тәжірибелік міндеттердің теориялық және тәжірибелік шешімдерінің нәтижелерін талдау және олардың сенімділігін бағалау мүмкіндігіне ие . |
| | ОН11 | Оқу нәтижелерін бағалаудың негізгі заманауи құралдарын, оларды қолданудың әдіснамалық негіздерін түсінеді; ғылыми зерттеудің негізгі әдістері; оқытудың қазіргі заманғы білім беру моделі Blended learning; ғылыми-зерттеу жұмыстарының элементтерін пайдалана отырып, сабақ өткізу әдістері мен тәсілдерін түсінеді. |
| | ОН12 | Оқу үрдісін ағылшын тіліндегі Blended learning форматында тиімді ұйымдастыра алады; оқу нәтижелерін бағалау құралдарын қолданудың тиімділігі мен әдісін анықтайды; зерттеу жоспарлау әдістерін және деректерді өңдеу әдістерін қолданады; әдеби көздермен жұмыс істеу әдістерін қолдануға және оларды жазбаша түрде пайдаланады; ғылыми зерттеулердің әртүрлі әдістемелерінде қолданады. |
| | ОН13 | Студенттердің ғылыми-зерттеу және жобалық жұмыстары, пікірталастар және басқа да проблемалық оқыту әдістеріне байланысты сабақтан тыс және сыныптан тыс жұмыстар ұйымдастыру әдістерін қолданады; оқу үдерісіндегі заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологиялар; оқушылардың жас ерекшеліктеріне және мазмұнына сәйкес оқыту әдістемесі. |

| | | |
|---------------------------------------|------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Сандыққызыреттер: (Digitalskills): | ОН14 | Оқу-тәрбие процесінің нәтижелерін заманауи құралдармен бағалау; оқыту әдістемелерін өз бетінше әзірлеуге қабілетті; ақпаратты, сондай-ақ оны алу көздерін сыни және рефлексивті түрде таңдау. |
|---------------------------------------|------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|

18. Оқыту нәтижелеріне сәйкес пәндер модульдерін анықтау

| Оқыту нәтижесінің коды | Модуль атауы | Пәндер атауы | Көлемі (ECTS) |
|--------------------------|-----------------------------------------------------|----------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------|
| ОН1, ОН2, ОН3 | Қоғамдық сананы жаңғыртудың дүниетанымдық негіздері | Қазақстан тарихы (МЕ) | 5 |
| ОН1, ОН2, ОН3 | | Философия | 5 |
| ОН1, ОН2, ОН3 | | Құқық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері | 5 |
| ОН1, ОН2, ОН3 | | Қолданбалы бизнес | |
| ОН1, ОН2, ОН3 | | Ғылыми зерттеу негіздері | |
| ОН1, ОН2, ОН3 | | Экология және тіршілік қауіпсіздік негіздері | |
| ОН1, ОН2, ОН3 | Әлеуметтік-саясаттану білім модулі | Саясаттану, Әлеуметтану | 4 |
| ОН1, ОН2, ОН3 | | Мәдениеттану, Психология | 4 |
| ОН1, ОН2, ОН3 | Ақпараттық-коммуникативтік | Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар | 5 |
| ОН1, ОН2, ОН3 | | Орыс тілі | 10 |
| ОН1, ОН2, ОН3 | | Шетел тілі | 10 |
| ОН1, ОН2, ОН3 | | Дене шынықтыру | 8 |
| ОН4, ОН5 | | Кәсіби дайындық модулі | Оқушылардың анатомиясы, физиологиясы және гигиенасы |
| ОН4, ОН5 | Педагогика | | 5 |
| ОН4, ОН5 | Білім берудегі менеджмент | | 5 |
| ОН4, ОН5 | Инклюзивті білім беру | | 5 |
| ОН4, ОН5 | Педагогикалық | | 4 |
| ОН6, ОН7, ОН8, ОН9, ОН10 | Іргелі дайындық модулі | Бейорганикалық химия-1 | 9 |
| ОН6, ОН7, ОН8, ОН9, ОН10 | | Бейорганикалық химия-2 | 11 |
| ОН6, ОН7, ОН8, ОН9, ОН10 | | Элементтер химиясы | |
| ОН6, ОН7, ОН8, ОН9, ОН10 | | Қатты дене физикасы | 5 |
| ОН6, ОН7, ОН8, ОН9, ОН10 | | Физика | |
| ОН6, ОН7, ОН8, ОН9, ОН10 | | Аналитическая химия | 9 |
| ОН6, ОН7, ОН8, ОН9, ОН10 | | Количественный и качественный анализ | 5 |
| ОН6, ОН7, ОН8, ОН9, ОН10 | | Coordination chemistry | |
| ОН6, ОН7, ОН8, ОН9, ОН10 | | Chemistry of complex compounds | |
| ОН6, ОН7, ОН8, ОН9, ОН10 | | Organic chemistry-1 | 10 |
| ОН6, ОН7, ОН8, ОН9, ОН10 | | Theoretical fundamentals of organic chemistry | |
| ОН6, ОН7, ОН8, ОН9, ОН10 | | Жоғары математика | 4 |
| ОН6, ОН7, ОН8, ОН9, ОН10 | | Алгебра | |
| ОН6, ОН7, ОН8, ОН9, ОН10 | | Стереохимия | 5 |
| ОН6, ОН7, ОН8, ОН9, ОН10 | | Конформационды анализ | |
| ОН6, ОН7, ОН8, ОН9, ОН10 | | Physical chemistry | 8 |
| ОН6, ОН7, ОН8, ОН9, ОН10 | | Colloid chemistry | |
| ОН6, ОН7, ОН8, ОН9, ОН10 | | Macromolecular chemistry | 6 |
| ОН6, ОН7, ОН8, ОН9, ОН10 | | Chemistry and physics of polymers | |
| ОН6, ОН7, ОН8, ОН9, ОН10 | | Chemical technology | 4 |
| ОН6, ОН7, ОН8, ОН9, ОН10 | | Органическая химия-2 | 8 |
| ОН6, ОН7, ОН8, ОН9, ОН10 | | Химия функциональных органических соединений | |
| ОН6, ОН7, ОН8, ОН9, ОН10 | | Дипломалды | 3 |

| | | | | |
|------------------------|----------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------|---|
| ОН11, ОН12, ОН13, ОН14 | Оқу технологиясының модулі | Химияны оқыту әдістемесі | 5 | |
| ОН11, ОН12, ОН13, ОН14 | | Organization of project activities of schoolchildren | 4 | |
| ОН11, ОН12, ОН13, ОН14 | | Methods of research | | |
| ОН11, ОН12, ОН13, ОН14 | | Methodology of carrying out school chemical experiments | 4 | |
| ОН11, ОН12, ОН13, ОН14 | | Demonstration methodology | | |
| ОН11, ОН12, ОН13, ОН14 | | Химиядан аса күрделі есептер шығару әдістемесі | 6 | |
| ОН11, ОН12, ОН13, ОН14 | | Химиядан есептер шығару әдістемесі | | |
| ОН11, ОН12, ОН13, ОН14 | | Химия в школе | 4 | |
| ОН11, ОН12, ОН13, ОН14 | | Инновационные технологии в организации учебного процесса в школе | 4 | |
| ОН11, ОН12, ОН13, ОН14 | | Методика воспитательной работы | | |
| ОН11, ОН12, ОН13, ОН14 | | Оқу | 2 | |
| ОН11, ОН12, ОН13, ОН14 | | Педагогикалық | 4 | |
| ОН11, ОН12, ОН13, ОН14 | | Өндірістік (Педагогикалық) | 15 | |
| ОН1, ОН3 | | Ағылшын тілі модулі (минор) | Ағылшын тілі В-2 | 6 |
| ОН1, ОН3 | | | Кәсіби-бағытталған шетел тілі | 5 |
| ОН1, ОН3 | Оқу | | 2 | |
| | Қорытынды аттестаттау | Дипломдық жұмысты, дипломдық жобаны жазу және қорғау немесе кешенді емтиханға дайындалу және тапсыру | 12 | |

19. Оқу нәтижелеріне қол жеткізу матрицасы

| NN п/п | Пәннің атауы | Курстың қысқаша сипаттамасы | Кре- ди- т саны | Қалыптасқан оқыту нәтижесі (кодтар) | | | | | | | | | | | | | |
|-----------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------|-------------------------------------|-----|-----|-----|-----|-----|-----|-----|-----|------|------|------|------|------|
| | | | | ОН1 | ОН2 | ОН3 | ОН4 | ОН5 | ОН6 | ОН7 | ОН8 | ОН9 | ОН10 | ОН11 | ОН12 | ОН13 | ОН14 |
| Жалпы білім беру циклы Міндетті компоненті/Таңдау компоненті | | | | | | | | | | | | | | | | | |
| D1 | Құқық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері. | Білім алушылардың құқықтық тәрбие, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет және құқықтық сана бойынша білімі мен дағдыларын қалыптастыру мақсатында оқытылады. Курс Қазіргі заманғы құқықтың негізгі салаларын оқуға, ҚР заңнамасын түсінуге, сыбайлас жемқорлық құбылыстарын сыни талдауға және осы құбылысқа қатысты өзінің азаматтық ұстанымын әзірлеуге арналған. | 5 | + | + | + | | | | | | | | | | | |
| | Қолданбалы бизнес | Идеяларды генерациялаудан, құнды ұсыныстарды құрастырудан, нарықты зерттеуден, тұтынушыны, ресурстарды анықтаудан бастап, дайын стартап жобаның тұсаукесеріне дейін жеке бизнесті құру мен жүргізудің экономикалық негіздері саласында білімді қалыптастыру, сондай-ақ бизнес теориясы мен практикасын зерделеу негізінде тәжірибелік дағдыларды қалыптастыру мақсатында оқытылады. | | + | + | + | | | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | | | | | | | | |
|---------------------------------------|-----------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---|---|---|---|---|---|--|--|--|--|--|--|--|--|--|
| | Экология және тіршілік қауіпсіздік негіздері | Қоғам мен табиғатты дамытудың негіздері туралы білім мен идеяларды қалыптастыру мақсатында зерттеледі. Табиғи ресурстарды ұтымды пайдаланудың теориялық заңдары мен заманауи тәсілдері қарастырылады. Курс төтенше жағдайлардағы мінез-құлық ережелерін зерттеуге, антропогендік әрекеттің жағымсыз әсерлерінің дамуын болжауға арналған. | | + | + | + | | | | | | | | | | | |
| | Ғылыми зерттеу негіздері | Ғылыми-зерттеу қызметінің дағдыларын дамыту және студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуге дайындығы мақсатында зерттеледі. Курс шеңберінде қоғамдық қатынастар жүйесіндегі ғылымның орны, ғылыми танымның әдістері мен деңгейлері, ғылыми зерттеуді іске асырудың негізгі кезеңдері қарастырылады. | | + | + | + | | | | | | | | | | | |
| Базалықпәндер циклы ЖОО компоненті | | | | | | | | | | | | | | | | | |
| D2 | Оқушылардың анатомиясы, физиологиясы және гигиенасы | Курстың мақсаты оқушылардың ағзасының өсуі мен дамуының жалпы заңдылықтары; орталық жүйке жүйесі мен жоғары дәрежелі жүйке жүйесінің физиологиясы; висцеральдық жүйелердің жас ерекшеліктері; негізгі тіршілік функцияларды реттеу принциптерінің тұрақтылығы; мектеп оқушылары ортасының гигиеналық бағалау әдістері; күнделікті жұмыстың және оқу үдерісі ұйымдастырылуының гигиеналық негіздері. | 5 | | | | + | + | | | | | | | | | |
| D3 | Педагогика | Тұтас педагогикалық процестің мәні, оның мазмұны, ұйымдастыру принциптері, нысандары, әдістері, білім алушыларды оқыту, тәрбиелеу және дамытудағы | 5 | | | | + | + | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | | | | | | | | |
|----|---------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---|--|--|--|---|---|--|---|---|---|---|---|--|--|--|
| | | субъектілік өзара әрекеттесу құралдары туралы білімді қалыптастыру мақсатында оқытылады. Курс педагогикалық іс-әрекетті жүзеге асыруда студенттердің педагогикалық құзыреттілігін қалыптастыруға және кәсіби бағдарын дамытуға арналған. | | | | | | | | | | | | | | | |
| D4 | Білім берудегі менеджмент | "Білім берудегі Менеджмент" курсы білім беруді басқарудың теориялық және әдіснамалық негіздерін зерттеуге арналған. Курс Қазақстан Республикасында және шетелде қазіргі кезеңде білім беру жүйесін дамыту үрдістері мен стратегиялары туралы білімді қалыптастыру мақсатында оқытылады. Осы курс шеңберінде білім беру ұйымын басқару әдістері мен нысандарына, білім беру ұйымындағы басқарудың жалпы қағидаттарына, тұтас педагогикалық процесті жоспарлау мен мониторингті ұйымдастыруға, педагогикалық ұжымды басқару проблемаларына байланысты мәселелер қарастырылады. | 5 | | | | + | + | | | | | | | | | |
| D5 | Инклюзивті білім беру | Курс заманауи білімдегі тенденциялардың бірі ретінде инклюзивті білім беру туралы түсініктерді қалыптастыру мақсатында оқытылады. Әлемдік тәжірибе негізінде инклюзивті жағдайларды ұйымдастырудың әдістемелік мәселелері; ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларды психологиялық-педагогикалық қолдаудың мазмұны; инклюзивті білім беруді жүзеге асыратын педагогтердің құзыреттілік талаптары қарастырылады. | 5 | | | | + | + | | | | | | | | | |
| D6 | Бейорганикалық | Курстың мақсаты-барлық | 9 | | | | | | | + | + | + | + | + | | | |

| | | | | | | | | | | | | | | | | |
|----|-------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---|---|---|--|--|--|--|--|--|--|---|---|---|---|
| | химия-1 | химиялық пәндердің негізін құрайтын бейорганикалық химияның теориялық негіздерін, заңдарды, теориялық ережелер мен тұжырымдарды зерттеу. Міндет-химияның негізгі стехиометриялық заңдарын, атомдардың периодтық заңы мен құрылымын, Химиялық кинетика мен термодинамика заңдарын терең қарастыру арқылы кең теориялық базаны қалыптастыру" | | | | | | | | | | | | | | |
| D7 | Химияны оқыту әдістемесі | Курстың міндеттері: студенттердің білімін қалыптастыру және теориялық негіздер бойынша білімді ұйымдастыруға. Практикалық дайындық. Тәжірибе де күнделікті туындайтын жекелеген әдістемелік мәселелерді ылыми тұрғыдан шеше білу, химияны оқыту процесінде білім беру, тәрбиелеу және дамыту мақсаттары. Химияны оқытудың негізгі әдістерін білу негізінде практикалық дағдыларды қалыптастыру. | 6 | | | | | | | | | | + | + | + | + |
| D8 | Ағылшын тілі В-2 | "Бұл курс кәсіби шет тілінде сөйлеуді дамыту мақсатында оқытылып, кәсіби құзыреттілікті арттыру мақсатында болашақ маманның кәсіби қызметінің әртүрлі аспектілерін жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Курс продуктивті және рецептивті тілдік материалдарды тереңдетуге және жетілдіруге, сондай-ақ кәсіби қызметте шет тілін меңгерудің практикалық дағдыларын дамытуға арналады. " | 6 | + | + | | | | | | | | | | | |
| D9 | Кәсіби-бағытталған шетел тілі | Пәнді оқытудың мақсаты-кәсіби және ғылыми қызметті шешу үшін коммуникативті кәсіби құзыреттіліктің қажетті деңгейін | 5 | + | + | | | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
|-----------------------------------------|------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----|--|--|--|--|--|---|---|---|---|---|---|--|--|--|--|
| | | игеру. Студент керек зерттелген тақырыптар шеңберінде монологиялық мәлімдеме құру; өз пікірін білдіру, іс-әрекетке баға беру және ағылшын тілінде өз шешімін дәлелдеу. Дербес оқу-танымдық қызметті ұйымдастырудың негізгі стратегияларын меңгеру | | | | | | | | | | | | | | | | |
| Базалықпәндер циклы Таңдаукомпоненті | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
| D10 | Элементтер химиясы | Пән Периодтық заңды химиялық систематиканың негізі ретінде қарастырады. Д. және Менделеев кестесіндегі элементтердің орналасуын, олардың ашылуын, табиғатта таралуын және қолдану аясын зерттейді. S,p,f,d элементтерінің химиясының жалпы сипаттамасы. Металдардың жалпы сипаттамасы. Жанама кіші топтар элементтерінің қышқылдық-негізгі қасиеттері, жанама кіші топтар элементтерінің тотығу-тотықсыздану қасиеттері, металларалық қосылыстар. | 11 | | | | | | + | + | + | + | + | | | | | |
| | Бейорганикалық химия-2 | Пән Д.И. Менделеевтің элементтердің периодтық кестесіндегі топ және период бойынша элементтер және бейорганикалық қосылыстар қасиеттерінің периодтылық заңдылықтарын, олардың практикалық қолданылуын қарастырады. Курс студенттерді элементтер, олардың қосылыстарының химиясындағы заңдылықтарды түсінуге, зерттеуге, оларды қолдануға үйретуге, студенттердің танымдық және шығармашылық жұмыс істеуін белсенділендіруге бағытталған. | | | | | | | | + | + | + | + | + | | | | |
| D11 | Қатты дене физикасы | Курстың мақсаты: қатты дене физикасының негізгі ұғымдары мен идеялары туралы физикалық | 5 | | | | | | | + | + | + | + | + | | | | |

| | | | | | | | | | | | | | | | | | |
|-----|-------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---|--|--|--|--|---|---|---|---|---|--|--|--|--|--|
| | | идеяларды қалыптастыру, бұл білімді ғылым мен техниканың әртүрлі салаларында келесі негізгі тақырыптар бойынша жұмыс жасау кезінде қолдану: қатты дене физикасының негізгі ұғымдары. Трансляциялар және кристалдық торлардың түрлері. Кристаллографиялық жазықтықтар, Миллер индекстері. | | | | | | | | | | | | | | | |
| | Физика | Физика курсы іргелі ұғымдар мен негізгі заңдар туралы нақты түсініктерді қалыптастыру мақсатында зерттеледі; есептерді шешуде оларды қолдану дағдылары; эксперимент жүргізу дағдылары және келесі тақырыптарды қамтиды: механика, молекулалық физика және термодинамика, электр және магнетизм, оптика, атомдық және ядролық физика. | | | | | | + | + | + | + | + | | | | | |
| D12 | Аналитикалық химия (орыс тілінде) | Химиялық анализдің теориясы мен практикасы саласындағы білімдерін қалыптастыру мақсатында оқытылады. Қарастыратын сұрақтары: зат массасының сақталу заңы; қышқылдар мен негіздер туралы қазіргі заманғы түсініктері; рН есептеу; тотығу-тотықсыздану жүйелеріндегі және комплексті қосылыстардың ерітінділеріндегі тепе-теңдік; гравиметриялық және титриметриялық талдау әдістерінің мәні. | 9 | | | | | + | + | + | + | + | | | | | |
| | Сандық және сапалық анализ (орыс тілінде) | Сандық және сапалық химиялық талдаудың теориялық негіздері мен практикалық дағдылары туралы идеяларды қалыптастыру мақсатында зерттеледі. Химиялық талдау жүргізудің оңтайлы әдістері мен шарттарын таңдау, сондай-ақ әртүрлі объектілердегі анықталатын элементтердің мазмұнын анықтау, сәйкестендіру және есептеу, рН | | | | | | + | + | + | + | + | | | | | |

| | | | | | | | | | | | | | | | | | |
|-----|------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----|--|--|--|--|---|---|---|---|---|---|--|--|--|--|
| | | және тепе-тендік константаларын есептеу дағдылары дамиды | | | | | | | | | | | | | | | |
| D13 | Органикалық химия (ағылшын тілінде)-1 | Пәннің мақсаты-органикалық қосылыстар химиясы бойынша жүйелі білім алу және синтездің эксперименттік әдістерін меңгеру. Пән органикалық қосылыстардың номенклатурасын; органикалық және гетероциклді қосылыстардың негізгі кластарының құрылымын; органикалық реакциялардың жіктелуін; органикалық және гетероциклді қосылыстардың қасиеттері мен синтезінің негізгі әдістерін қарастырады. | 10 | | | | | + | + | + | + | + | | | | | |
| | Органикалық химияның теориялық негіздері (ағылшын тілінде) | Пәннің мақсаты-органикалық қосылыстардың құрылымы мен қасиеттері, сыртқы және ішкі факторлардың олардың реактивтілігіне әсері туралы терең идеяларды алу. Пән органикалық және гетероциклді қосылыстардың стереохимиясының негіздерін, реактивтілік теориясын, Органикалық химиядағы негізгі реакциялардың механизмдерін зерттейді. | | | | | | + | + | + | + | + | | | | | |
| D14 | Алгебра | Пән сызықтық алгебра элементтерін, матрицаны және олардың үстіндегі операцияларды зерттейді. Курс нәтижесінде сызықтық алгебралық теңдеулер жүйесі, Аналитикалық геометрия элементтері, координаттар, векторлар және олардың үстіндегі операциялар анықталады. Курс күрделі сандар теориясының, көпмүшелер теориясының, алгебралық құрылымдар теориясының, сызықтық кеңістіктер теориясының және сызықтық операторлар теориясының негізгі ұғымдарын қарастырады. | 4 | | | | | + | + | + | + | + | | | | | |
| | Жоғары математика | Пән білім алушыларда жоғары математиканың іргелі аппаратын | | | | | | | + | + | + | + | + | | | | |

| | | | | | | | | | | | | | | | | | |
|-----|------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---|--|--|--|--|---|---|---|---|---|--|--|--|--|--|
| | | қалыптастыру мақсатында оқытылады, оның көмегімен қолданбалы есептер талданады, модельденеді және шешіледі, қолданбалы мәселелерді өз бетінше зерттеу қабілеті мен дағдылары; математика әдістері туралы түсінік, оның басқа ғылымдарды дамытудағы рөлі; бағдарламада көзделген курс тақырыптары бойынша есептерді шешу дағдылары. | | | | | | | | | | | | | | | |
| D15 | Физикалық химия (ағылшын тілінде) | Физикалық химия негіздері туралы білімді қалыптастыру мақсатында зерттеледі, нақты теориялық және практикалық мәселелерді шешу дағдылары алынады. Бөлімдер қарастырылады: термодинамика заңдары; термохимия; біртекті және гетерогенді жүйелердегі химиялық тепе-теңдік; Химиялық кинетика; біртекті және гетерогенді катализ; электрохимиялық процестердің заңдылықтары мен заңдылықтары. | 8 | | | | | + | + | + | + | + | | | | | |
| | Коллоидтық химия (ағылшын тілінде) | "Пәннің мақсаты-коллоидтық химияны, заттардың гетерогенді қоспаларын (дисперсті жүйелер), олардың қасиеттерін, осы жүйелерде жүретін процестерді зерттеу. Коллоидтық химияның міндеттері-дисперсті жүйелердегі физика-химиялық процестердің бағытын болжау және ерекшеліктерін зерттеу. Зерттеу барысында электронды микроскопия, ультрамикроскопия, ультрацентрифугалау, электрофорез және т. б. сияқты арнайы зерттеу әдістерін қолданады." | | | | | | + | + | + | + | + | | | | | |
| D16 | Органикалық химия-2 (орыс тілінде) | Бұл пәннің мақсаты карбоциклді және гетероциклді қатардың органикалық қосылыстары саласындағы білімдерді және органикалық қосылыстарды синтездеу дағдыларын | 8 | | | | | + | + | + | + | + | | | | | |

| | | | | | | | | | | | | | | | | | |
|-----|--------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---|--|--|--|---|---|---|---|---|--|---|---|---|---|--|
| | | қалыптастыру. Пән циклі органикалық қосылыстардың құрылысын, реакциялық қабілеттілігін, алыну жолдарын және химиялық қасиеттерін қарастырады. Ароматты қатардағы электрофилді және нуклеофилді орынбасу реакцияларының механизмдерін зерттейді. | | | | | | | | | | | | | | | |
| | Функционалды органикалық қосылыстар химиясы(орыс тілінде) | Бұл пәннің мақсаты циклі және гетероциклді қатардың органикалық молекулаларының функционалды туындылары бойынша білімдерді қалыптастыру болып табылады. Мұнда арилгалогенидтердің, азот-, күкірт- және оттегі құрамды функционалды органикалық қосылыстардың құрылысы мен реакциялық қабілеттілігі, синтездеу әдістері мен химиялық қасиеттері, құрылыс және химиялық қасиеттері арасындағы байланысы туралы сұрақтар қарастырылады. | | | | | + | + | + | + | + | | | | | | |
| D17 | Зерттеу әдістері (ағылшын тілінде) | Бұл пәннің мақсаты ғылыми зерттеудің әдіснамасын, құрылымын және негізгі кезеңдерін зерттеу болып табылады. Курс ғылыми зерттеулер жүргізуде теориялық және практикалық дағдыларды алуға бағытталған. Курсты оқығаннан кейін студенттер зерттеу мәселесін ұсына алады және оны талқылай алады, зерттеу құрылымының негізгі компоненттерін анықтай және негіздей алады. | 4 | | | | | | | | | | + | + | + | + | |
